

## 2021 – 2022 оқу жылындағы тамақтандыру бойынша ақпарат

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 қаулысы. Ескерту. Қаулының тақырыбы жаңа редакцияда –Қр Үкіметінің 30.12.2020 №949 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысы негізінде "Мемлекеттік білім беру мекемелерінің мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты мен оларды есепке алу қағидаларын басшылыққа ала отырып, «Жалпыға бірдей білім беру» қоры есебінен қыркүйек айынан бастап 5 оқушы бір мезгіл ыстық тамақпен қамтылды.

Әлеуметтік педагог осы оқушыларды ыстық тамақ ішетіндердің тізіміне енгізді. Бұйрық шығып, тізім бекітілді. Асханада күнделікті ас мәзірін қадағалау, азық – түлік сапасын, санитарлық жағдайын қадағалау мектеп медбикесіне міндеттелді.


Мектептегі ыстық тамақпен қамту жұмыстарын мұқият дастыру және асханадағы ыстық тамақ беру кезінде бракераж комиссиясы өздеріне тиісті міндеттерін орындады. Бекітілген ас мәзіріне сай ыстық тамақты дәмді, нормаға сай және сапалы дайындау мектеп аспазшысына жүктелді. Оқушылардың ыстық тамақпен қамтылуын тіркеу күнделікті есебін жүргізу әлеуметтік педагог Асанғалиева М.О жүктелінеді.

Мектеп асханасы қажетті заттармен, сапалы азық түлікпен қамту асхананы жалға алушы ӘЛІП. К. Ә, мектепті сапалы сумен қамтамасыз ету шаруашылықпен айналысатын Сүндетова А жүктелінді. Диспансердегі таза сулар асханада және фойеде орналасқан.

Мектепте ыстық тамақты ұйымдастыру туралы есеп Пед. Кеңесте әлеуметтік педагогке жүктелген. Мектепте бракераж комиссиясының құрамы құрылып, жоспар бекітілді. Мониторинг, бракераж комиссиясы әр тоқсан сайын асхананы тексеріп отырады. Бір балаға тамақтану құны 507 теңге.

1-9 сыныптарға «Дұрыс тамақтану денсаулықтың кепілі» тақырыбында баяндама оқылды. Мақсаты дұрыс тамақтану, уақытылы тамақтану туралы түсінік қалыптастыру, салауатты өмір салтын ұстануд дәріптеу.

Ыстық тамақпен қамтылған оқушылардан «Асхана» тақырыбында сауалнама алынды.



Оқушылардың асханаға, аспазшыға деген ешқандай қарсы пікірлері болмады. Мектепте аптасына бір рет бір мезгіл тегін ыстық тамақпен қамтылған оқушылардың ата – аналарын «Ашық есік» күндері ұйымдастырылды. Жалпы 2021 -2022 оқу жылында бір мезгіл тегін ыстық тамақпен азықтандырылған 2 отбасынан шыққан 5 бала қамтылды.